
	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области</p>	<p>ТЖ туралы ереже, ішкі тәртіп ережесі, қызметтік ережелер/ Положение ВР, свод правил уч-ся колледжа, должностные обязанности.</p>	<p>ТЖ-СМЖ/ВР-СМК 07-01-02  14 беттің 1 беті стр1 из 14</p>
---	--	---	--



Бекітемін  
Жамбыл жоғары медициналық  
колледжінің директоры  
Сарыбекова Ж.Н.  
«31» \_\_\_\_\_ 2021 жыл



Тәрбие жұмысы туралы ереже/  
Положение воспитательной работы.  
ТЖ-СМЖ/ ВР-СМК  
07-01-02


	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области</p>	<p>ТЖ туралы ереже, ішкі тәртіп ережесі, қызметтік ережелер/ Положение ВР, свод правил уч-ся колледжа, должностные обязанности.</p>	<p>ТЖ-СМЖ/ВР-СМК 07-01-02 14 беттің 2 беті стр2 из 14</p>
--	--	---	---

### КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазым	Аты-жөні	Қолы	Мерзімі
Сапаның жоғары басшылығы	Сарыбекова Ж.Н.		31.08.21
Сапаның басшылық өкілі	Мейрманова Ж.Л.		31.08.21

### МАЗМҰНЫ

1. Жалпы Ережелер.
2. Оқу-тәрбие жұмысының басты міндеті.
3. Куратор жұмысының мақсаты.
4. Куратор жұмысының әдістемесі.
5. Жоспарлауды ұйымдастыру.
6. Ұйымдастыру жұмысы.
7. Оқу процесі.
8. Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары.
9. Ата-анамен жұмыс.
10. Тәрбие жұмысы туралы Ережені жазуға негіз болған нормативтік құжаттар.
11. Іске енгізу.
12. Тарату, сақтау және өзгерістерді енгізу.
13. Негізгі құжаттама.

	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области</p>	<p>ТЖ туралы ереже, ішкі тәртіп ережесі, қызметтік ережелер/ Положение ВР, свод правил уч-ся колледжа, должностные обязанности.</p>	<p>ТЖ-СМЖ/ВР-СМК 07-01-02 14 беттің 3 беті стр3 из 14</p>
---	--	---	---

## 1. Жалпы Ережелер

1.1. Осы Ереже 27 шілде 2007 жылы №319-III ЗРК бұйрығымен бекітілген Білім туралы заңының, білім және ғылым Министрлігінің 2005 жылы 13 маусымда № 401 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы білім мекемелерінің (2015.13.01. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен); 2006-2010 жылдарға арналған құрама тәрбие бағдарламасы негізінде құрастырылған.

1.2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;

1.3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011. 02. 02. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

1.4. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ Кодексі (2014. 17.11. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

1.5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы (2014.29.12. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

1.6. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-ІҮ Заңы;

1.7. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген;

1.8. «Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы;

1.9. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің тәрбие бағдарламалары оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және «білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған» делінген.

1.10. Оқу және тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

## 2. Оқу-тәрбие жұмысының басты мақсаты мен міндеті:

2.1. **Мақсаты:** Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен студент жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау.

2.2. **Оқу-тәрбие жұмысының басты міндеті** - жан-жақты жеке тұлға тәрбиелеу, яғни оның бойына шығармашылдық, мәдениеттілік, азаматтық, отансүйгіштік, адамгершілік қасиеттерін, салауатты өмір салты дағдыларын сіңіру;

- білім беру ұйымдары, отбасы және басқа әлеуметтік институттардың күшін біріктіру;


- қоғамда тәрбиенің басым рөлін түсінуіне көмектесу;

- білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету;

- оларды болашақ маман иесі ретінде қалыптастыру.

## 3. Куратор жұмысының мақсаты:



	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области</p>	<p>ТЖ туралы ереже, ішкі тәртіп ережесі, қызметтік ережелер/ Положение ВР, свод правил уч-ся колледжа, должностные обязанности.</p>	<p>ТЖ-СМЖ/ВР-СМК 07-01-02  14 беттің 4 беті стр4 из 14</p>
--	--	---	--

3.1 Куратор жұмысының дұрыс жоспарланып жүргізілуі, осы жоғарыда айтылған мақсаттар мен міндеттерді куратор қаншалықты жақсы түсінуіне байланысты.

3.2. Оқу жылының басында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары бөлім меңгерушілерімен келісіп әр топ кураторларын анықтайды және олар директордың бұйрығымен тағайындалады. Бір оқытушыға бір топ жетекшілік беріледі. Топ кураторының жетекшіліктен босатылуы тек директордың шешімімен қабылданып, қысқаша себебі көрсетіледі.

3.3. Топ кураторының жұмысы тәрбие жұмысының жылдық жоспары негізінде іске асырылады. Жоспарлау кезеңінде әр курстың, әр мамандықтың және білімгерлердің қызығушылығын ескеру қажет.

3.4. Топ кураторының жұмыс негізі оқу мен тәрбиеге бағыттталып, топтың, студенттердің алдында тұрған белгілі бір міндеттерінің табысты орындалуын қамтамасыз етеді. Куратор топтың ұжым болып қалыптасуына, топта адамгершілік нормаларының қалыптасуына, студенттерді өз тобының иесі ретінде сезінуіне жағдай туғызып және топты өзін-өзі басқаруға ұйымдастыру керек. Осы айтылған мақсаттар куратордан жоспарлы, бағыт-бағдарлы жұмысты талап етеді. Топтың өзін-өзі басқаруы үшін үлкен жауапкершілік, ұйымшылдық және тәртіп қажет. Бұл жағдайларды куратор орнату керек. Топтағы тәртіпті қадағалай отырып, куратор өзінің басты міндеті-топты біріктіру, оның өзін-өзі басқаруын қамтамасыз етуі керек. Өйткені, тек топта ғана жан-жақты тұлғаның қалыптасуына жақсы жағдай, мүмкіндік туғызылады. Бұл жерде куратор жұмысының негізгі бағыты: студенттермен жеке жұмыс жасай отырып, оларды елінің азаматы, жақсы мамандық иесі, интеллигентті адам болып қалыптасуына мүмкіндік жасау.

#### 4. Куратор жұмысының әдістемесі

4.1. Әдістеменің мазмұны түгелімен алға қойылған мақсатқа: студент топтың құрылуына және соны басқаруға бағытталуы керек. Куратор жұмысының мазмұны топтың жасақталу деңгейімен анықталып, ал жүргізу әдісі әлеуметтік психология бойынша өтеді ( топтың лидері немесе көшбасшы, тұлғаның ұжымдағы орны т.б.).


4.2. Өзінің даму сатысында студент тобы әрқилы бірнеше сатыдан өтуі керек. Бірінші сатыда куратор топ студентіне талаптар қойып, топты өзінің жұмысының мақсаттарымен, топ мүшелерін міндеттерімен таныстырады.

4.3. Куратордың міндеті - жалпы тәртіп орнату, барлық студенттердің жалпы тәртіп ережесін, студентке арналған ішкі тәртіп ережесін сақтауы, топтың намысына тырысатын, қызығушылығы жоғары, куратор талаптарын тез қабылдайтын топ мүшелерін анықтау. Студенттердің жеке дамуына, шығармашылық еңбектеріне, қоғамдағы өмірге бейімделуіне, азаматтық сана-сезімнің, жалпы мәдениеттіліктің, салауатты өмір салты дағдыларының қалыптасуына ықпал, жасап жағдай туғызу.

4.4. Топпен жұмыстың бірінші сатысында куратор студентке бірін-бірі жақсы тануға, әрқайсысының өзін-өзі жан-жақты көрсетуіне мүмкіндік береді. Куратордың бұл сатыдағы мақсаты - староста, профорг, мәдениет секторы, спорт секторы бола алатын топтағы көшбасшыларды анықтау.

4.5. Топпен жұмыстың екінші сатысының міндеті - куратордың талаптарын тез түсініп, тез орындай алатын студенттерімен топтың активін құру. Куратор топты осы актив арқылы басқарады, ол активке топтағы адамдармен жұмыс істеуді, оларды басқаруды үйретеді, топтағы студенттердің бір-біріне көмектесу, сыйлау, түсіну сияқты дұрыс көзқарастың қалыптасуына ықпал жасайды. Топ активін құру кезінде куратор ол студенттердің мықты жақтарына көңіл бөлуі керек: студенттердің жауапкершілігі мол, ерік күш жігері,



	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области</p>	<p>ТЖ туралы ереже, ішкі тәртіп ережесі, қызметтік ережелер/ Положение ВР, свод правил уч-ся колледжа, должностные обязанности.</p>	<p>ТЖ-СМЖ/ВР-СМК 07-01-02  14 беттің 5 беті стр5 из 14</p>
---	--	---	--

ұйымдастыру қабілеті жоғары, сонымен қатар оқу үлгерімі жақсы, жалпы мәдениеттілік деңгейі биік болуы керек.

4.6. Топпен жұмыстың үшінші сатысының ерекшелігі - студенттермен жеке жұмысты күшейту, студенттердің жеке басы қасиеттерін дамыту, сонымен қатар мамандыққа байланысты қасиеттер. Студенттермен жеке жұмыс дегеніміз - яғни студенттердің әрқайсысының топқа сіңіп кетуі, өзін-өзі басқару жүйесінде топтан өз орнын табу. Ол үшін әр студентті жақсы танып біліп, оның осал және мықты жақтарын, қабілетін, қызығушылығын, жеке қасиеттерін анықтап білу қажет. Жеке қасиеттерді анықтау-студенттің өмірде өзін-өзі басқаруына қажет.

4.7. Топпен жұмыстың төртінші сатысында топтық тәжірибені меңгере отырып, топтың әрбір мүшесі өздеріне жалпы талап қоя алады. Куратор өз бетінше проблемаларды анықтап және оларды іс жүзінде азаматтық тұрғыдан, ұлттық салт-дәстүр және жаңа ғылыми-техникалық жаңалықтар негізінде шеше алатын жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал жасайды. Тәрбие процесі өзін-өзі тәрбиелеу процесіне ауысады. Куратордың жұмысы бұл жерде студенттің азамат, мамандық иесі, интеллигент болып қалыптасуына бағытталған.

4.8. Куратор студенттердің мәдениетті, жоғары интеллектуалды, бәсекеге қабілетті және жан-жақты тұлға болып қалыптасуына әрекет етеді.

## 5. Жоспарлауды ұйымдастыру

5.1. Колледждің тәрбие жұмысы - бұл Қазақстан Республикасының білім беру стандарттарына сәйкес болашақ маман тұлғасын қалыптастырудағы жоспарлы, бағыт-бағдарлы процесі.

5.2. Осы процесті жүзеге асыруда топпен, ондағы студенттермен жеке танысу мақсатында куратор ғылыми әдістемемен қарулануы тиіс. Ұйымдастыру жұмысы тәрбие процесінің ғылыми түрде жүргізілуіне, топтың, топтағы студенттердің ерекшеліктерін ескеруге, куратор жұмысының жүйелі өтуіне мүмкіндік береді.

5.3. Куратор жұмыс жоспарын құрған кезде топтың және топтағы студенттердің оқу барысында дамуына, өсуіне көңіл аударып, студенттердің жеке басының қасиеттерін, тәрбиелік деңгейін көтеру жолдарын, міндеттерін анықтауы керек. Жұмыс жоспары жүйелі түрде жүргізіліп, топтың, топтағы студенттердің даму деңгейі ескерілуі тиіс.

5.4. Тәрбие жұмысын жүргізудің тиімді түрінің бірі - оқу жылына жоспар құру, оны студенттердің талқылауына салып, топтың активіне жүктеу. Жоспар директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бекітіледі.

5.5. Колледждің тәрбие жұмысының жоспарын пайдалана отырып, куратор әр курс, факультет, мамандық міндеттерін ескере отырып, топтың тәрбие жұмысын жоспарлауы керек.


5.6. Куратордың жұмыс жоспары келесі міндеттермен анықталады: қоғамдық патриотизм және азаматтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбиесі, ұлттық тәрбие, отбасы тәрбиесі, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі, дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру.

## 6. Ұйымдастыру жұмысы

6.1. Топтағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру және басқару;

6.2. Топтағы студенттердің бейімделу жұмысын жүргізу;

6.3. Топтың жеке ісімен танысу, студенттер туралы мәліметтер жинақтау;

	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области</p>	<p>ТЖ туралы ереже, ішкі тәртіп ережесі, қызметтік ережелер/ Положение ВР, свод правил уч-ся колледжа, должностные обязанности.</p>	<p>ТЖ-СМЖ/ВР-СМК 07-01-02  14 беттің 6 беті стрб из 14</p>
--	--	---	--

6.4. Топта тақырыптық жиналыстар өткізу: «Студенттердің құқықтары мен міндеттері»; «Жамбыл жоғары медициналық колледжінің студенттеріне арналған ішкі тәртіп ережесі, Ар-намыс Кодексі».

## 7. Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары.

### 7.1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

**Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Қазақстан саясаты мен мәдениеті, экономикасы, халықаралық жағдайы мәселелерін анықтай білу қабілеттерін қалыптастыру; Отан тағдырының өткені мен қазіргісіне және болашағына қатысты көзқарасты дамыту; өзінің азаматтық құқықтарын жүзеге асыра білуге даярлығын және алған міндеттерді адал орындауға деген жауапкершілікті қалыптастыру; Республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістердің сипатын түсіндіре білу қабілеттерін қалыптастыру; Отанды қорғауға әрқашан даяр болуды қалыптастыру; қоғамдық тәртіп бұзушылыққа немқұрайлы қарамау, жағымсыз әрекеттерге шара қолдану біліктілігін арттыру; әлеуметтік –жауапты әрекеттерге даярлықты қалыптастыру.

Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан, ұлтаралық мәдени қатынастың, патриоттық тәрбиенің маңызы өте зор. Сондықтан бұл бөлімде келесі іс-шараларды жоспарлап өткізуге болады:

- Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;
- Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке;
- елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына;
- өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;
- басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;
- өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;
- құқықтық білімге, заңдылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүріс-тұрысына;
- заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне;
- әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.


#### Іске асыру механизмдері:

1 курста: еңбек ардагерлерімен, ҰОС және ауған соғысы ардагерлерімен кездесу; Қазақстанның қарулы күштерінің өкілдерімен сұхбат; ұлттық орталықтардың өкілдерімен бірге дөңгелек үстелдер. Дебат және пікірталас клубтарын ұйымдастыру.

2 курста: облыстық драмалық театрға бару; еңбек ардагерлерімен, ҰОС және ауған соғысы ардагерлерімен кездесу; Қазақстанның жаңа азаматын қалыптастыруға арналған лекциялар және әңгіме өткізу; Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке үндеген патриоттық форумдар, акциялар. Оқушылардың мемлекеттік нышандарын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге арналған байқаулар мен олимпиадалар. Қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа да этностардың мәдени мұрасын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу бойынша өлкетану экспедициялары.

3 курста: қазақстандық патриотизмге байланысты диспуттар, әңгімелер; еңбек ардагерлерімен, ҰОС және ауған соғысы ардагерлерімен кездесу; Мемлекет, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау, әділет органдары, мемлекеттік қызмет және сыбайлас



	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбылский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области</p>	<p>ТЖ туралы ереже, ішкі тәртіп ережесі, қызметтік ережелер/ Положение ВР, свод правил уч-ся колледжа, должностные обязанности.</p>	<p>ТЖ-СМЖ/ВР-СМК 07-01-02 14 беттің 7 беті стр7 из 14</p>
--	---	---	---

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдары қызметкерлерімен кездесулер. Балалардың және жастардың бастамашыл жобаларын дамыту.

4 курста: жастар саясатына байланысты газет –журналдарға шолу жасау; жастар қозғалысы, жастар қанаты «Жас Отан» партиясының саясаты туралы; қазақ тілі мәселесі. Балалар және жастар қозғалысы қызметін; қоғамдық қорлармен бірлескен қызметті жандандыру; әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер; саяхаттар; ақпараттық-құқықтық материалдар тарату; «сенім қызметтерін», «Мен және заң», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз, қоғам мүддесіне деген опасыздыққа қарсымыз» акциясын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

## 7.2. Рухани-адамгершілік тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

**Міндеттері:** балалар мен жастарды тәрбиелеудің негізгі бағыттары мен мәселелері кез-келген қоғамның болашағы, оның күші өскелең ұрпақтың әдептілік түр-түрпатына байланысты, себебі, олар жұмысшылар, қызметкерлер, қоғам қайраткерлерінің қатарын толтырады, өз жанұясын құрады. Келелі мәселелері бар күнделікті өмірде, адамдармен достасып, оларды сүйе және қуана білетін, барлық жағдайда бақытты бола білетін – адамның мінез-құлқына сай жаңа моделін қалыптастыру. Егер адам өзін, қоршаған әлем мен ондағы адамдарды сүйе білсе, оның ішкі дүниесі еркін және энергияға толы болса, ол өзінің не үшін өмір сүретіндігін біледі және өз мәселелерін өзі шеше алады, айналасындағыларға да көмектеседі. Бұл бөлімде келесі іс-шараларды жоспарлап өткізуге болады.

### Іске асыру механизмдері:

1 курста: студенттердің міндеттерімен, әдеп-ғұрып нормаларымен таныстырып талқылау; үлкендерді құрметтеуге, мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына, арына және парызына тәрбиелеу; педагогикалық консилиумдар, ата-аналар институтын құру;

2 курста: «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани тәрбие бағдарламасының метапәндік және тәрбиелік ролін күшейту, рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына; өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни құндылықтарға, ой, сөз және іс бірлігі арқылы жүзеге асырылады.

3 курста: Әжелер алқасымен, аналар үйінің қызметкерлерімен, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесу, әңгіме-сұхбат, диспуттар, лекциялар өткізу; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге, ар-ұжданымен орындалған қылықтарға, түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне тәрбиелеу.


4 курста: жанұя проблемаларына байланысты, еңбек заңына байланысты құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесу әңгіме-сұхбат, диспуттар, лекциялар өткізу; түлектердің міндеттері, құқықтарына қатысты лекциялар және адамдарға риясыз қызмет етуіне, өз ата-анасына, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

## 7.3. Ұлттық тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

### Іске асыру механизмдері:



	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области</p>	<p>ТЖ туралы ереже, ішкі тәртіп ережесі, қызметтік ережелер/ Положение ВР, свод правил уч-ся колледжа, должностные обязанности.</p>	<p>ТЖ-СМЖ/ВР-СМК 07-01-02  14 беттің 8 беті стр8 из 14</p>
--	--	---	--

1 курста: этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке, мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; әлемдік және ұлттық мәдениеттің материалдық және рухани құндылықтарын меңгеру; адамгершілік сезімді, тәртіпті, түйсікті қалыптастыру; даталы және мерекелі күндерді атап өтуге, ат салысу.

2 курста: өз халқының мәдени мұрасын, қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпын; адамгершілік идеалдарын меңгеріп түсінуге, адамгершілік құндылықтарын сақтауға ықпал жасау; азаматтық борышын түсіну, жауапкершілігін жоғарылату мақсатында әңгіме-сұхбат өткізу.

3 курста: адамгершілік мәдениетін, рухани құндылықтырды тәрбиелеуге арналған лекциялар, әңгімелер; айналасындағыларға адалдық, шындық, мейірімділік, жанашырлық көрсету; белсенділік таныту.

4 курста: Қазақстанның этномәдениетіне, этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаньш сезім және жауапкершілік таныту, кәсіптік-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру; өзін тәрбиелеу, өзін бағалау, өзінің және өзгенің тіліне, еліне, тарихына, мәдениетіне деген құрмет; бірлік, ұлтаралық қатынас, басқа ұлт өкілдеріне деген дұрыс көзқарасты тәрбиелеу.

#### 7.4. Отбасы тәрбиесі

**Мақсаты:** ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

**Міндеттері:** отбасылық қарым-қатынас психологиясы мен этикасына қатысты мәліметтерді іс-жүзінде қолдана алу білімін, түсінігін және қабілетін қалыптастыру; отбасының теңқұқылы мүшесі ретінде өзінің маңыздылығын сезіну мен түйсінуді қалыптастыру; отбасындағы әлеуметтік рөлдерді орындау даярлығын қалыптастыру; отбасы құндылықтарын сезіну, берік отбасын құруға ұмтылысын қалыптастыру; жыныстарына қарай олардың әлеуметтік мәртебесін анықтау және теңқұқықты шектеуге қарсы тұру қабілеттерін қалыптастыру. Бұл бөлімде келесі іс-шараларды жоспарлап өткізуге болады.

#### Іске асыру механизмдері:

1 курста: Білім беру ұйымдарының ата-аналар комитетімен, репродуктив денсаулық орталықтары, мамандар кеңесімен және бірлескен отбасылық іс-шаралар, жанұядағы тәрбиеге байланысты әңгімелер өткізу; ойындар өткізу.


2 курста: жасөспірімдер мен бойжеткендердің жүріс-тұрыс мәдениеті туралы жастармен әңгімелер жүргізу, жоғары курс студенттері мен ЖОО студенттері үшін «Отбасылық өмір этикасы» электив курсына кіргізу; ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы.

3 курста: әкелер, әжелер клубтары; ақсақалдар алқасы, ата-аналар комитеті, мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық; балалар мен жастардың қосымша білім беру нысандарына ақысыз негізде қол жеткізуін ұйымдастыру; элективті курстар, фестивальдер, байқаулар, «Менің отбасым», «Жыл отбасы» жарыстары арқылы жүзеге асырылады.

4 курста: этноәлеуметтік рөлдерге, өз отбасына және ұрпақты жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау.

#### 7.5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

**Мақсаты:** тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области</p>	<p>ТЖ туралы ереже, ішкі тәртіп ережесі, қызметтік ережелер/ Положение ВР, свод правил уч-ся колледжа, должностные обязанности.</p>	<p>ТЖ-СМЖ/ВР-СМК 07-01-02  14 беттің 9 беті стр9 из 14</p>
--	--	---	--

**Міндеттері:** еңбек ету қабілеттерін қалыптастыру; ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз бетінше еңбек етуге тәрбиелеу және жеке мүлікке жан аяушылықпен қарауға үйрету; жоғарғы білімді де білікті маман қалыптасуына ықпал жасау, болашақ маман иелерін өзінің мамандығында бүгінгі өмір талабына сай жаңа әдістер мен формаларды қолдануға бейімдеу. Бұл бөлімде келесі іс-шараларды жоспарлап өткізуге болады.

**Іске асыру механизмдері:**

1 курста: студенттердің қажетті қоғамдық жұмыстарға қатысуы; сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, туған өлкеге жасаған экспедициялар, туристік жорықтар, сенбіліктер, қаланы көгалдандыру мен абаттандыру, жасыл желек отырғызу, «Жасыл ел» қозғалысы және волонтерлық қозғалыстар, экологиялық форумдар, ғылыми экологиялық жобалар, табиғат зоналарын қоқыстан тазартуға қатысу. Экологиялық даму саласында мемлекеттік саясатқа, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына; экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне;

2 курста: өз бетінше еңбек етуді ұйымдастыру жайлы, бос уақыт жайлы әңгімелер өткізу; білімгерлердің қажетті қоғамдық жұмыстарға қатысуын талдау; байқауларға қатысу. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке; кәсіби білім мен өнімді еңбекке; кәсіпорындарға саяхаттар, тәлімгерлермен, жаңашылдармен, табысты кәсіпкерлермен кездесулер ұйымдастыру.

3 курста: студенттерге еңбек жұмыстарының түрлерімен, олардың оқу процесінде және өндірістік тәжірибеде ғылыми негізде ұйымдастырылуымен таныстыру; колледж түлектерімен, еңбек ардагерлерімен кездесулер өткізу; студенттердің еңбекке, таңдаған мамандығына деген қызығушылығын дамыту. Нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға; еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; тәлімгерлік, дуальдық білім беру, кәсіби шеберлік байқаулары, студенттердің құрылыс және педагогикалық отрядтарын құру.

4 курста: студенттердің мамандық этикасының нормаларын меңгеруі; мамандармен кездесу; болашақ мамандардың өз кәсіби жұмысында жаңа, бүгінгі күн талабына сай кәсіптік жұмыс түрлерін қолдану әдістерін дамыту. Мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту. «Өмірді және мансапты жоспарлау», «Кәсіби сынамалар» жобаларын іске асыру;

**7.6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**


**Мақсаты:** әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру.

**Міндеттері:** өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне; зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне; пікірталас жүргізу дағдыларына, жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпараттың түрлі дереккөздеріне; қажетті ақпарат алу арналары мен іздестіру жолдарына; өз қызметінің түрлі салаларынан алынған ақпаратқа; интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне; интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру.

**Іске асыру механизмдері:**

1 курста: Зияткерлік ойындар, байқаулар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар. Дарынды мамандармен және замандастарымен кездесулер, рефераттар.



	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области</p>	<p>ТЖ туралы ереже, ішкі тәртіп ережесі, қызметтік ережелер/ Положение ВР, свод правил уч-ся колледжа, должностные обязанности.</p>	<p>ТЖ-СМЖ/ВР-СМК 07-01-02 14 беттің 10 беті стр10 из 14</p>
--	--	---	---

2 курста: ғылыми-зерттеу, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар, баяндамалар, мәлімдемелер, мектептік және студенттік медиа-орталықтар, бұқаралық ақпарат құралдары, сайттар, кітапханаларды дәріптеу, мәселелерді шешуге арналған циклдық лекциялар, әңгімелер өткізу; акция, дебат, диспуттарға қатысу.

3 курста: Психометриялық және социометриялық тесттер мен әдістемелер; көшбасшылықты дамыту жөніндегі бағдарламалар және тәжірибеде алған білімдерін іске асыру мақсатында циклдық лекциялар, дебаттар ұйымдастыру.

4 курста: студенттердің конференцияға, дискуссияларға, дөңгелек үстелдерге белсенді қатысуына ықпал жасау. Ақпарат дереккөздерін таңдау және талдау жасау, өздігімен іздестіру жолдары мен тәсілдеріне; Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

### 7.7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

**Мақсаты:** Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

**Міндеттері:** толеранттылық және ғаламдық пікір; көпмәдениеттілік және көптілділікті; мәдениетаралық әрекет, мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларын; қарым-қатынас мәдениетін сақтай білуге тәрбиелеу.

#### Іске асыру механизмдері:

1 курста: сабақтар, жалпыадамзаттық құндылықтар бірлігін барлық мәдениеттен айқындауда жастарда әр алуан мәдениеттер мен халықтардың бірлігін көру біліктілігін дамыту.

2 курста: үйірмелер, әдеби клубтар және т.б.; театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға саяхаттар; шығармашылық кештер, оқушылар жұмысының көрмелері, байқаулар; белгілі тұлғалармен, өнер қайраткерлерімен және т.б. кездесулер;

3 курста: Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық; білім беру ұйымдарында Қазақстан халқы Кіші Ассамблеяларын құру арқылы жүзеге асырылады.


4 курста: қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларын; қарым-қатынас мәдениетін; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылық ой мен қиялға, шығармашылық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту.

### 7.8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

**Мақсаты:** салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

**Міндеттері:** оқу мен еңбек қызметін жоспарлауда денсаулықты сақтау қабілеттерін қалыптастыру; өзін-өзі тәрбиелеу мен ерік-жігерді жаттықтыру қабілеттерін қалыптастыру; денсаулыққа зиян келтіретін дәйектемелерді айқындау, денсаулық күйін және өмір сүру салтын талдау қабілеттерін қалыптастыру; жағымсыз әсерлерге тиімді түрде қарсы тұру қабілеттерін қалыптастыру; дененің физикалық, психологиялық, әлеуметтік және рухани саулықтарының тұтастығын түсінуді әрі оны сақтау әдістері туралы білімдерді қалыптастыру; өз денсаулығына деген жеке жауапкершілікті түйсінуді,



	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Коммунальное государственное предприятие на ПХВ «Жамбыльский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области</p>	<p>ТЖ туралы ереже, ішкі тәртіп ережесі, қызметтік ережелер/ Положение ВР, свод правил уч-ся колледжа, должностные обязанности.</p>	<p>ТЖ-СМЖ/ВР-СМК 07-01-02 14 беттің 11 беті стр11 из 14</p>
---	--	---	---

өзге адамдардың да денсаулық пен салауатты өмір салтына құқықтарын сақтауды және оларды құрметтеуді қалыптастыру. Бұл бөлімде келесі іс-шараларды жоспарлап өткізуге болады.

### **Іске асыру механизмдері:**

1 курста: студенттердің дене шынықтыру сабақтарына үнемі қатысуы; президенттік тест тапсыруға дайындау; медицина қызметкерлерімен кездесу өткізу; дене тәрбиесі сабағы, оқу пәндері, қосымша білім беру, спорттық секциялар мен үйірмелер жарыстарға қатысу.

2 курста: репродуктив денсаулық, нашақорлық, маскүнемдік, темекі тарту және АҚТҚ алдын алу және салауатты өмір салты негіздері бойынша ақпараттық-ағарту курстары, семинар-тренингтер; денсаулық фестивальдері, спартакиадалар, қауіпсіздік бағдарлар өткізу; газет-журналдарға шолу.

3 курста: гигиена туралы білімін дамыту, оны ұстануы; дене тәрбиесі мен шұғылдануы; президенттік тест тапсыру, ақпараттық-диагностикалық материалдар дайындау және тарату; «сенім қызметтерін» ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға байланысты ақпараттық үгіт жұмыстары, қазақтың ұлттық спорттық ойындарын насихаттау.

4 курста: спорттық іс-шараларға қатысу (кросс, спартакиада), турнирларға қатысу (шахмат, волейбол, футбол, баскетбол т.б.), денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеру.

### **8. Ата-анамен жұмыс**

8.1. Үнемі топта ата-аналар жиналысын өткізу: 1.2.3 курстарда жылына 2 рет, 4 курстарда жылына бір рет өткізу.

8.2. Алыс аудандарда тұратын ата-аналармен байланыста болу, керек жағдайда шақыру;

8.3. Колледжде өтетін салтанатты іс-шараларға ата-аналарды шақыру.

### **9. Тәрбие жұмысы туралы Ережені жазуға негіз болған нормативтік құжаттар:**

9.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрықпен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері».

9.2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Білім және ғылым Министрлігінің 17.08.2010 ж. №422 бұйрығына сәйкес, «2013-2015 ж. арналған білім беру ұйымдарындағы тәрбие компоненттерін күшейтудің кешенді жоспары»

9.3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011.02.02. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен)

### **10. Іске енгізу.**

10.1. 03.09.2013 жылғы №\_\_\_\_\_ бұйрығымен іске енгізілді.

### **11. Тарату, сақтау және өзгерістерді енгізу**

11.1 Тарату, сақтау және өзгерістерді енгізу ТЖ-СМЖ 07-01-02. құжаттарымен сәйкес жүзеге асырылады.

### **12. Негізгі құжаттама**

